№4 Қарауылкелді орта мектеп-гимназиясы
Қамқоршылық кеңес отырысы
хаттама №5

22.05.2021ж

катысуға тиіс:11
катысқаны:11

Күн тәртібіндегі мәселе:

1. Алдыңғы отырыстағы қаулының орындалуын қадағалау
2. 2020 – 2021 оқу жылының есебі

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі мәселелерге Бағыбай Қалиұлы сөз алып, тоқталып кеңес мүшелеріне функционалдык міндеттерімен қатар нормативтік құжаттарымен таныстырды. Қамқоршылық кеңес мүшелері 2019 жылы 8 казандағы № 28 бұйрығы өзгеріссіз қалатынын еске салды. Әр мүшенің пікірі өте құнды екенін айтып, алдағы уақытта тығыз байланыста жұмыс жасалатындығына сенім артты. Қамқоршылық кеңестің жоспарын ұсынып, түсініктеме жүргізді. Жалпы жоспарда жылына төрт рет жиналыс бекітілгенмен жұмыс барысы жыл бойына жүретіндігін айтты. Жоспардың мектеп басшылыктарымен байланыса отырып жүзеге асатынын да ескертті. Қамқоршылық кеңесінің нормативтік құжаттарымен таныстырылып,кеңестің құрамының мүшелерінің атқаратын қызметтері белгіленіп, бекітілген қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспарымен жұмыстар жүргізілді. 2020-2021 оқу жылының желтоксан айында Президенттік шыршаға мектебіміздің әлеуметтік категориясы ата – анасының камқорлығынсыз калған 5 «Ә» сынып оқушысы Оразбай Мақсат Президенттік шыршаға жолданып, велосипед және мерекелік сыйлық табысталды.Және де жағдайсыз жанұя және көп балалы отбасыдан шыққан балаларға жеке кәсіпкерлердің қолдауымен жаңа жылдық сыйлықтар тарату жоспарланып отыр. Осы бағытта жоспар бойынша жұмыстар атқарылды.

2020-2021 оқу жылында ААҚҚ оқушыны жаңа жылдық шыршаға жіберіп және де мерекелік сыйлықтарды айлық көрсеткіші күнкөріс деңгейінен төмен отбасынан шыққан оқушыларға таратылды. 2020-2021 оқу жылында ААҚҚ оқушы Оразбай Қарақат Болатқызы жаңа жылдык шыршаға жіберіліп, жаңа жылдық сыйлықтарға ие болды.

Мектебімізде 2020 – 2021 оқу жылында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысы негізінде мына санаттағы білім алушылардың ата – анасынан құжаттар қабылданып:жетім немесе ата –анасының қамқорлығынсыз қалған балалар – 4 , әлеуметтік көмек алатын – 23 , көпбалалы отбасында тәрбиеленетін – 24 , табысы төмен отбасында тәрбиеленетін – 19 білім алушы. 1-11 сынып арасында аз камтылған отбасы балалары ,соның ішінде күнкөріс деңгейі төмен , ата – анасы жұмыссыз, атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасы балалары ыстық тамаққа тартылып, жалпы 70 оқушы бір мезгіл ыстық тамақпен қамтылуда. Сонымен қатар ыстық тамақты ұйымдастыру жоспары мен пандемияға байланысты санитарлық талаптарды сақтай отырып, тамақтануы үшін асханада оқушылардың тамақтану кестесі құрылды.

1-11 сынып оқушылары 70 оқушы ыстық тамақпен қамтылу шешімі қабылданып, жалғасуда.

1 – мәселе бойынша директордың тәрбие жөніндегі орынбасары Н.А.Азов мектеп оқушыларының санитарлық нормаларын талапқа сай өз деңгейінде орындауын және әр сынып жетекшісі оқушыларға осы туралы түсіндірмелі жұмыстары жүргізілді. Ауысым сайын медбикелер санитарлық нормаларын талапқа сай орындауын қадағалап отыр.

Мектепке кіру кезінде медицина қызметкерлерінің білім алушылар мен педагогтердің температурасы күн сайын өлшенеді және тіркеліп жазылады:

6. Маска тағу режимі қамтамасыз етіледі;
7. Оқу үстелдері бір метр қашықтықта орналастырылды:
8. Кабинеттер уақытылы желдетіледі, кварцталады;
9. Қолды жуу және арнайы құралдар пайдаланады: